

6D041600 – Өнертану мамандығы бойынша
Ph.D докторы ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған
Александра Сергеевна Цхайдың

**Қазақстандағы хореографияны қалыптастыру мен дамыту және
оның әлемдік кеңістіктегі интеграциясы мәнмәтініндегі корей
сахналық биі**

Докторлық диссертациясының мәтініне
АҢДАТПА

Зерттеудің өзектілігі уақыт талабымен айқындалған – корей театр өнерін дамытудың ары қарайғы стратегиясы мен тактикасын әзірлеу айқын бола түсуде. Театрдың қалыптасу тарихын объективті талдау, атап айтқанда, корей сахналық биін перспективалық дамытудың негізгі бағыттарын анықтау және оның әлемдік мәдени кеңістіктегі би өнерінің даму үрдістеріне сәйкестік дәрежесін ұғыну – зерттелетін тақырыптың өзектілігінің маңызды факторларының бірі.

Тәуелсіз Қазақстан аумағында 150-ден астам ұлттар бейбіт өмір сүретінін ескере отырып, Н.Ә.Назарбаев өзінің «2050 Стратегиялық бағдарламасында» Республикадағы әрбір ұлт өкілдерінің мәдениеті мен өнерінің әртүрлі аспектілерін зерттеу, сақтау мен дамыту үдерісін белсенділендіру қажеттілігін жариялаған болатын.

Зерттеу объектісі: Зерттеу объектісі: Қазақстан аумағында тұратын корейлердің ұлттық өнері, қазіргі заманмен сабақтас өзара байланыстағы ежелгі дүниетанымдық негіздерді ұсынатын олардың мәдениеті.

Зерттеу пәні: корей сахналық биі, оның өзіне тән ерекшеліктерін, даму заңдылықтарының тарихи үрдісін, қазіргі жай-күйін қарастыру аспектісінде зерттеу болып табылады.

Диссертацияның мақсаты – Қазақстан аумағындағы корей сахналық биінің дамыту векторын анықтау және оның әлеуетін ашу.

Зерттеу міндеті:

- ежелгі-корей мәдениетіндегі би өнерінің қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдерін анықтау;

- тұрмыстық салт-дәстүрлерде, белгілі бір діни жоралғыларда, бидің ежелгі түрлерінде көрініс тапқан, дәлел ретінде келтіруге болатын Корея аумағындағы жекелеген дөльмен артефактілері мен тастағы графика (петроглифтер) сияқты діни сенімдердің бастапқы үлгілерін ашу;

- Үш мемлекет (Когурё, Пэкче және Силла) дәуірінде қалыптасқан би өнерінің ерекшеліктерімен айқындалған корей би өнері феномені туралы тұтас көзқарас қалыптастыру;

- дәстүрлі корей билерінің негізгі түрлерінің жіктелімін зерттеу;

- бүгінгі таңда зерттелген би мұрасының аумақтық көлемін анықтау; корей сахналық биінің базалық қалыптасуы;

- Корей театрының шығармашылық қызметінің негізін құрайтын қазақстандық корейтердің би өнерінің психологиялық және стилистикалық ерекшеліктерін анықтау;

- көрнекі құралдар жүйесінің, би қойылымдарын құру тәсілдерінің, музыкалық-драмалық қойылымдардағы композициялар мен көріністердің, режиссерлік, балетмейстерлік және орындау өнеріндегі инновациялардың ескерілуімен, театр сахнасындағы корей биінің дамуын зерттеу;

- дәстүрлер мен жаңашылдық қатынасы, басқа би жүйелерінің жетістіктерін менгеру аспектілерінде корей сахналық биінің эволюциялық үдерісін талдау;

- дәстүрлі және заманауи корей би мәдениетінің өзара қарым-қатынасының типологиясын түйсіну.

Гипотеза:

Жүргізілген зерттеу Қазақстан Республикасы аумағындағы корей сахналық биінің генезисі мен дамуының тұтас көрінісін келтіре отырып, отандық хореография өнері тарихының ақтаңдақ беттерін қалпына келтіруге ықпал етеді, ол өз кезегінде корейтанудың бір бөлігі ретінде келесі зерттеушілер өз жұмыстарында корей хореография өнері феноменін ғылыми тұрғыда түйсінуге және орындаушылар кәсібилігінің жоғарылауына ықпал ететіндіктен шығармашылық, оқу-білім беру үрдісінде практикалық қолдану үшін негіз болады.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы келесіден тұрады:

- Алғашқы рет корей би өнерін – оның халық шығармашылығындағы, сондай-ақ сахналық қабылдауға бейімделген синтезіндегі түрін біртұтас зерттеу талпынысы жасалды. Заманауи ғылыми-шығармашылық ойдың талаптары мен қағидаларына сәйкес келетін Корей Мемлекеттік музыкалық комедия театрының (Алматы, Қазақстан) сахнасындағы би эволюциясы үдерісін зерттеу оның тарихи аспектісіндегі шығармашылық үдерісін құрылымдастыруға мүмкіндік береді. Осылайша, оның даму болжамы мен негізгі бағытының синтезін береді.

Осы уақытқа дейін Қазақстанда мұндай ғылыми-зерттеу жұмысы жүргізілген жоқ.

- Қазақстандағы Корей театры сахнасының би эволюциясын зерттеу заманауи талаптар тұрғысынан жүргізілді. Ол аталмыш үрдісті тек тарихи аспектіде құрылымдауға ғана емес, оның одан әрі дамуын болжап көруге мүмкіндік берді.

Зерттелген ғылыми еңбектердің, сондай-ақ мәдени-тарихи және салыстырмалы-салғастырмалы талдау негізінде диссертацияда:

- корей, еуропалық, ресейлік, отандық этнографтардың, музыкатанушылардың, тарихшылардың, балеттанушылардың еңбектеріндегі корей сарайларындағы би мен халық биінің тарихы мен болу ерекшеліктеріне қатысты әрқилы және үзінді мәліметтер жалпыланды;

- корей би өнері протокорейтердің рухани әлемінің үлгісінің құрамдас бөлігі бола отырып, ежелден бері бетперденің қолданылуымен салт-жоралық баксылардың билеріне шарықтайтын музыкалық, театр жанрлары арқылы этномәдени кодтарды ұсынушы болып табылатындығы туралы ой негізделді.

Сонымен қатар, диссертациялық жұмыста алғаш рет:

- корей сарайларындағы би мен халық биінің, ойындарының, соның ішінде Корей театрының қойылымдарында жекелеген нөмірлер мен жеке би қойылымдарын құрудың негізі болған билер мен ойындардың бірқатары сипатталған;

- қазақстандық хореографтардың корей өнерін дамытуға қосқан үлесі анықталған;

- балетмейстерлердің шығармашылық портреттері берілген және балетмейстерлік өнердегі дәстүрлер мен жанашылдықтың үйлесімі аспектісіндегі жұмыстары талданған;

- корей биін жіктеу кезінде сахналық түсіндіруде дәстүрлі және модерн билерінің синтезін білдіретін «жаңа корей биі» анықталды.

Зерттелу дәрежесі – корей билерінің теориясы мен тарихын зерттеумен айналысқан мәдениеттанушылар, өнертанушылар, театртанушылар, балеттанушылардың ғылыми еңбектері корей халқының дәстүрлі билері феномені туралы әлдеқайда толық түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Солтүстік және Оңтүстік Корея ғалымдарының тарихи отандарында корей халық биін зерттеулері ХХ жүзжылдықтың басында басталды.

Бұрынғы КСРО-да тікелей корей биіне арналған алғашқы басылым 1956 жылы Т.Ткаченко мен Н.Львовтың қос авторлығымен, орындаушы және балетмейстер Ан Сон Хи жазған «Корей биі» оқу құралы болатын.

Кейіннен өнертану кандидаты Лим Чже Чжонның «Корей би өнерінің мәселелері: «жаңа би» және ұлттық балеттің қалыптасу үдерісіне тән би» тақырыбындағы көлемді диссертациясы жарияланды.

Басқа корей зерттеушісі - Мун Бюн Нама Кореяның заманауи мәдениетіндегі театрлық көрініс аспектісінде Солтүстік корейлік және Оңтүстік корейлік сахналық биінің ерекшеліктерін зерттеуге арналған «Кореяның би мәдениеті: Тарих және қазіргі заман» кандидаттық диссертациясын жариялады.

Корей музыка және би өнерін құрайтын кейбір аспектілер Сон СинЧжун, Им Ок Сун, СангКуинг Ким мен Лам То Токтың диссертациялық зерттеулерінде қарастырылған.

Ортағасырдың ерте кезеңіндегі ұлттық хореографияның дәстүрлі іргетасын анықтаудағы аса құнды дереккөз Л.И.Киреева құрастырған «Корей классикалық өнері» отандық мақалалар жинағы болып табылады.

Корей балетмейстерлері мен корей билерін орындаушылардың жұмысы туралы бірқатар қызықты деректер КванБёнРин, Ким Мин – А жұмыстарынан алынды.

Корей би өнерін жалпытеориялық зерттеуге айтарлықтай үлестерін өз еңбектерінде корей ғалымдары, хореографтар Ан Бён Хон , Ли ЭСун, Сон Су Нам, Цой Сын Хи қосты. Авторлар кейбір дәстүрлі билерге тән ерекшеліктерді көрсетіп, оларға сипаттама береді.

Осы диссертацияда сондай-ақ, ресей ғалымдары – шығыстанушылардың мақалалары, диссертациялары мен монографиялары қаралған. Ю.В. Ионованың «Кореядағы жоралар, салт-дәстүрлер және олардың әлеуметтік функциялары» атты жұмысы айтарлықтай қызығушылық тудырады, мұндай

автор корей салттары мен жоралғыларындағы билердің рөлі мен маңызын көрсете отырып, дәстүрлі билерге сипаттама береді.

Корей халқының дәстүрлері мен мәдениетін зерттеу жөніндегі, діни көзқарастар, салт-жоралғылар, дәстүрлі билер туралы, қазіргі хореография өнерінің даму бағыттары туралы көпжылдық еңбектің қорытындысы В.М.Марковтың еңбегі «Корея Республикасы. XX ғасырдың екінші жартысындағы мәдениеттің дәстүрлері мен қазіргі жағдайы. Ресейден көзқарас» болып табылады – автор монографиясында алғаш рет дәстүрлі корей биінің сыныптамасын жасады. Би және музыка өнерінің сыныптамасын И.А. Толстокулаков та ұсынған болатын.

Пхеньян мен Кэсонның археологиялық ескерткіштерін, соның ішінде Қымгансан тауларындағы будистік монастырь-ғибадатханаларды және Пхеньян мен Тунгоу маңындағы (Солтүстік-Шығыс Қытай) Когурёс жазбаларын зерттей келе, Р.Ш. Джарылгасинова мен О. Н. Глухарева өз еңбектерінде би өнерінің үзінділерімен байланысты қабырғаға салынған суреттерді сипаттайды.

Р.Ш. Джарылгасинова мен О. Н. Глухарева сипаттаған археологиялық материал ортағасырдың ерте кезеңіндегі корей ұлттық хореографиясының дәстүрлі іргетасын анықтаудағы аса құнды дереккөз болып табылады.

Корей биінің музыкалық-ырғақ негізінің ерекшеліктерін зерттеу үшін біз сондай-ақ, Хавард К. «Жоралар, әндер мен бақсылық жоралғылар: Кореяның халық музыкасы» жинағында, Хан Ман Янның «Кореядағы дәстүрлі музыканың қалыптасуы», В.А.Королеваның «Ресейдің Қиыр Шығысындағы корейтердің музыкасы мен театры (1860-1937гг.): тарих пен өнердің диалогы», өнертану кандидаты Чжон Сан Илдың диссертациялық жұмысы «Корей дәстүрлі аспаптық музыкасындағы ырғақтың ерекшелігі» сияқты музыкатанушылардың еңбектері зерттелді.

Қазақстан хореографиясының мәнмәтінінде корей биінің дамуының кейбір қиыншылықтарын игеру мен міндеттерін шешу кезінде біз посткеңестік кеңістіктің театр және балет сыншыларының жұмыстарын, сондай-ақ соңғы жылдардағы диссертациялық жұмыстарды тарттық.

Алғашқы басылымдардың қатарында В. Л. Бурмейстердің «Кореяның халық балеті» және Е. Я.Суриц «Корей балеті және оның мәселелері» атты мақалаларды атауға болады.

Н. А. Цайдың «Корея Республикасының қазіргі балет өнеріндегі орыс және корей хореография дәстүрлерінің өзара әрекеттестігі» атты кандидаттық диссертациясы балет өнері саласындағы екі ел арасындағы шығармашылық алмасуды зерттеуге арналған. Айта кететін жа йт, Қазақстандағы дәстүрлі және заманауи корей хореографиясы жөніндегі әдебиеттер мерзімді басылымдардағы бірнеше жарияланымдармен ғана, негізінен, Корей театрының қойылымдарына берілген рецензиялармен шектеледі.

Соңғы жылдардағы газет басылымдарының ішінен Корей театрының бас балетмейстері, «Достық» орденінің кавалері, Т.К. Жүргенов атындағы Қазақ

ұлттық өнер академиясының доценті Л. В.Кимнің сұхбаты «Оның би поэзиясы» атты мақаласын атап өтуге болады.

Қазақстандық Корей театрының тарихы туралы құнды ақпарат театрдың құрылуының 50-жылдығына арналған И.Ф.Кимнің «Кеңестік корей театры» монографиясында бар. 25 жыл өткен соң, 2007 жылы «Корей театрының тарихы» атты кітап жарыққа шықты, жобаның авторы - Л. А. Ни.

Сонымен қатар, осы диссертациялық жұмыстың мақсатына қол жеткізу мен міндеттерін іске асыру үшін, қосымша дереккөз ретінде тарих, этнография, археология, философия, дінтану және басқа гуманитарлық ғылымдар саласындағы ғылыми жұмыстарды зерттеу қажет.

Сондай-ақ, заманауи қазақстандық корей би өнерінің феноменін толық зерттеу үшін жоғарыда аталған барлық дереккөздердің жеткіліксіз екенін атап өту қажет.

Зерттеу әдіснамасы мен әдістері: зерттеу тақырыбының пәндік күрделілігін негізге ала отырып, жұмыста келесі әдістер кеңінен пайдаланылды:

- теориялық-өнертанушылық талдау әдістері;
- салыстырмалы-салғастыру әдісі;
- типологиялық зерттеу әдісі;
- логикалық талдаудың индуктивті тәсілі;

- Сеул қ. Корей ұлттық университетінде тәжірибелену кезіндегі бақылауларды қоса алғанда, сауалнама жүргізу әдісі.

Корея тарихы мен мәдениетін зерттеудегі кешенді тәсіл В. М. Тихонов пен Кан Мангиль, С.А. Токарев, А.Н. Ланьков, А.А. Коломина және басқа ресейлік ғалымдардың еңбектерінде ұсынылған.

Сондай-ақ, Қазақстанның хореография өнерінің көрнекі қайраткерлері Б.Г. Аюханов, Г.Т. Жумасейтова, Т.О. Изим, Г.Ю. Саитова, А.Б.Шанкибаеваның еңбектері мен тұжырымдамалары талданды.

Корей театрының музыкалық спектакльдерінің би қойылымдарын қарастыру кезінде Ю.И.Слонимский ұсынған хореографиялық талдау қағидалары қолданылды.

Салыстырмалы-салғастыру әдісінде Қазақстан, Қырғыз Шығыс пен Кореяның (Корея Республикасы, КХДР) корейтері, сондай-ақ Қытай мен Азия халықтарының би мәдениеттерінің ортақ белгілерін анықтауға қол жеткізілді.

Сауалнама жүргізу мен бақылау әдісі Корей театрының ардагерлерімен, актерлерімен, балетмейстерлерімен, сондай-ақ Корей ұлттық университетінің, Сеул қ. Ұлттық мұражайларының, Мәдениет және өнер орталықтарының жетекші мамандарымен тікелей байланыс кезінде пайдаланылды. Корей театр және би өнері саласында 15 жылдың тәжірибесі бар зерттеушінің жеке тәжірибесінің негізінде корей сахналық биін дамытуды кезеңдерге бөлу және әлемдік кеңістіктегі интеграция үдерісіндегі оның ролі мен маңызын анықтау ұсынылды.

Қорғауға шығарылатын негізгі қағидалар:

1 Жоралғылық-дуалау әрекеттерінен тұратын корей би өнерінің генезисі концепциясы Кореяның петроглифтерінің, тас *дольмендерінің* артефактілерімен және Когурё мазарларындағы кабырғаға салынған сурет үлгілерімен расталады.

2 Дәстүрлі корей биінде діни көзқарастар, сондай-ақ үш мемлекеттің (Когуре, Пэкче және Силла) дәуірінде қалыптасқан би философиясы көрініс тапқан.

3 Корей сахналық биі Мемлекеттік корей музыкалық комедия театрының тарихымен тығыз байланыста болып табылады, оның дамуы кезең-кезеңмен бөлініп көрсетілді.

4 «Жаңа корей биі» – корей сахналық өнеріндегі дәстүр және жаңашылдықтың өзара қатынасы нәтижесінде туындаған жаңа бағыт. Дәстүрлі корей биінің озық үлгілерін сақтай отырып, қазақстандық балетмейстерлер Л.Ким, А.Цой, А.Ли ұлттық және заманауи би синтезін дамыту аясын кеңейтуге мүмкіндік беретін жаңа би түрлерін іздестіру үстінде.

Ғылыми-теориялық маңызы: Аталған диссертацияның теориялық маңыздылығы отандық өнертанудағы корей би өнерінің теориясын әзірлеуде жаңа ғылыми бағыттың негізделуі ретінде қарастырылуымен анықталады, ол өз кезегінде этномәдениеттану саласы бойынша білімді кеңейтуге ықпал етеді, сондай-ақ келесі тұжырымдамалық ережелерді қалыптастыру мен негіздеуге себеп болады:

- Кореяның петроглифтерінің, тас *дольмендерінің* артефактілерімен және Когурё мазарларындағы кабырғаға салынған сурет үлгілерімен расталған архаикалық сакральді жоралардың генезисін негіздеу,

- тарихи аспектідегі дәстүрлі корей биінің феноменін түйсіну; эволюциялық мәдени-тарихи үдеріс ретінде музыкамен және өнердің басқа түрлерімен синтезі;

- жаһандану аспектісінде діни көзқарастардың дәстүрлі корей биінен көрініс табуы негіздеу; үш мемлекет (Когурё, Пэкче және Силла) дәуіріндегі би философиясының маңызы;

- әлемдік мәдени өркениетке интеграцияланатын инновациялық би композициялары мен қойылымдарын құру үшін корей сахналық биінің шектес өнерлермен дамуы.

Диссертацияның құрылымы. Талданылған материалдардың ерекшелігі диссертация құрылымын айқындап берді. Зерттеу жұмысы кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттерден тұрады. Мәтіннің көлемі 152 бетті құрайды, қосымша 20 бет.

Кіріспеде зерттелетін тақырыптың өзектілігі негізделді, оның мақсаттары мен міндеттері, ғылыми игерілу дәрежесі мен ғылыми жаңалығы анықталды, сондай-ақ қорғауға шығарылатын қағидалар ұсынылған, диссертацияның ғылыми-теориялық және практикалық маңызы болжанған.

Бірінші тарау. «Кореяның дәстүрлі би өнері мен қайнар көзі» үш шағын тараудан тұрады. Онда ежелгі заман мен Үш мемлекет (Когурё, Пэкче

және Силла) дәуірінен бастап, дәстүрлі этномәдени кодтарды тасушы ретінде би өнерінің ерекшеліктерін талдау жасалған.

Екінші тарау. «Діни көзқарастардың дәстүрлі корей биінен көрініс табуы: әлеуметтік мәдениет мәнмәтініндегі шығармашылық өзгешелік» үш шағын тараудан тұрады. Тарихи, тілтану, этнографиялық және археологиялық деректердің негізінде корей биінің ұлттық ерекшелігін қалыптастыруға үлкен ықпал еткен діни көзқарастың жалпы көрінісі анықталады.

Үшінші тарау. «Корей сахналық биі Қазақстанның хореография өнеріндегі жаңа бағыт ретінде» үш шағын тараудан тұрады, Мемлекеттік Республикалық Корей музыкалық комедия театрының (Алматы, Қазақстан) 80 жылдық қызметін қамтиды. Зерттелетін материал – Қиыр Шығыста пайда болуынан бастап Қазақстан аумағындағы (Қызылорда – Үштөбе – Қызылорда - Алматы) ары қарайғы қалыптасуы мен дамуына дейін хронологиялық тәртіпте берілген.

Сахналық би екі бағытта - концерттік бағдарламалар мен спектакльдерде дамығандықтан, оның динамикалық үрдісін анықтау үшін зерттелетін материалдар: спектакльдердегі би мен «Ариран» және «Бидульги» ансамбльдерінің концерттік бағдарламаларындағы би болып екі блокқа бөлінді.

Қабылданған шешім әртүрлі міндеттерді шешетіндігімен дәйектеледі: спектакльдердегі билер музыкалық-драмалық спектакльдің күрделі құрылымының бір бөлігі және идеялық ойды білдіру тәсілдердің бірі болып табылады. Ал екінші блоктағы би толы жетілген деп айтуға болады.

Бірінші тараушада сахналық билер, артистердің шығармашылық әлеуетін дамыту бойынша балетмейстерлер мен режиссерлердің жұмысы театр спектакльдерінің құрамдас бөлігі ретінде талданады.

Екінші тараушада концерттік бағдарламалардағы би қарастырылады, онда ең таңдаулы қоюшылар мен орындаушылардың жеке қолтаңбалары мен шығармашылық портреттеріне сипаттама берілген.

Аталған барлық мәселелер театрдың жалпы репертуарлық саясаты контекстінде қаралады, ол аударма пьесаларындағы би қойылымдарын талдауға енгізуге, сахналық бидің үдемелі дамуындағы «тоқырау» кезеңін анықтауға мүмкіндік берді.

Неғұрлым айқын көрінген және дәйекті көрсетілген үдерістерді зерттеу негізінде Қазақстанның хореографиясын қалыптастыру мен дамыту және оның әлемдік кеңістікке енуі контекстіндегі корей сахналық биін дәуірлеу ұсынылады.

Қорытындыда зерттеу қорытындылары жасалады және оның нәтижелерін ары қарайғы пайдалану жөніндегі ұсыныстар баяндалады.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі. Диссертацияның негізгі концептуалдық қағидалары ғылыми басылымдарда, соның ішінде Scopus компаниясының деректер қорына кіретін, нөлдік емес импакт-факторы бар халықаралық ғылыми басылымда баяндалған; таяу, алыс шетел мен Қазақстанның Халықаралық ғылыми конференцияларының

Материалдарында жарияланған; ҚР БҒМ білім беру және ғылыми саласындағы қадағалау комитетімен ұсынылған журналдарда жарияланды.

Диссертация Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Хореография режиссурасы» кафедрасында сыннан өтті және қорғауға ұсынылды.